

FTAXP:12.82.12

<https://orcid.org/0000-0003-0363-7991>

<https://orcid.org/0000-0003-0769-4145>

<https://orcid.org/0000-0003-2312-5782>

Миятбекова З.У.*, Пиримкулова А.А., Абитова Г.У.

филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

**ҚАЗАҚ ПАРЕМИОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЕР АДАМҒА ҚАТЫСТЫ ПОЗИТИВТІ
ЖӘНЕ НЕГАТИВТІ СТЕРЕОТИПТІК МОДЕЛЬДЕРДІ
КОГНИТИВТІК ТҮРҒЫДА ТАЛДАУ**

***Автор-корреспондент: Zlixamiatbekova@mail.ru**

Түйін: Мақалада қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер негізінде «Ер адам» концептісінің гендерлік-лингвомәдени сипаты антропоцентристік парадигма аясында қарастырылды. Зерттеу барысында ер адам бейнесінің ұлттық дүниетаныммен, этномәдени құндылықтармен, халықтың салт-дәстүрі мен әлеуметтік тәжірибесімен тығыз байланыста қалыптасқаны анықталды. Мақал-мәтелдердегі «ұл», «жігіт», «отағасы», «әке», «ақсақал» сияқты микроконцептілер арқылы қазақ халқының ер адамға қатысты танымдық моделі мен бағалау жүйесі айқындалды. Сонымен қатар, ер адамға тән жағымды және жағымсыз қасиеттердің когнитивтік модельдері сараланып, олардың ұлттық мәдени кодты танытудағы қызметі көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде мақал-мәтелдердің гендерлік стереотиптерді қалыптастырушы әрі ұлттық дүниетанымды бейнелеуші маңызды тілдік бірлік екендігі дәлелденді. «Ер адам» концептісі қазақ халқының рухани құндылықтарын, моральдық ұстанымдарын және әлеуметтік көзқарасын танытатын маңызды концептілік құрылым ретінде сипатталды. Антропоцентристік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. ТМД елдерінде гендерлік топшылаулар, ой-тұжырымдар 1990 жылдарда пайда бола бастады. Ресейде М.Арутюнян, Т.Рурко, А.Клецин, О.Воронина, Т.Клименкова, В.Бодрова т.б. зерттеушілер гендерлік бағытты дамытты.

Кілт сөздер: гендерлік лингвистика, антропоцентристік парадигма, концепт, «Ер адам» концептісі, мақал-мәтелдер, когнитивтік модель, лингвомәдениеттану, ұлттық дүниетаным, гендерлік стереотип, этномәдени ерекшелік, паремиология, тілдік бейне

МРНТИ: 12.82.12

<https://orcid.org/0000-0003-0363-7991>

<https://orcid.org/0000-0003-0769-4145>

<https://orcid.org/0000-0003-2312-5782>

Миятбекова З.У.*, Пиримкулова А.А., Абитова Г.У.

к.филолог. н., доцент, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

старший преподаватель, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

старший преподаватель, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

**КОГНИТИВНЫЙ АНАЛИЗ СТЕРЕОТИПНЫХ МОДЕЛЕЙ ПОЗИТИВНОГО И
НЕГАТИВНОГО ОТНОШЕНИЯ К МУЖЧИНЕ В КАЗАХСКОЙ ПАРЕМИОЛОГИИ**

***Автор-корреспондент: Zlixamiatbekova@mail.ru**

Аннотация: В статье рассмотрен гендерно-лингвокультурный характер концепта «мужчина» на основе пословиц и поговорок в казахском языке в рамках антропоцентрической парадигмы. В ходе исследования было установлено, что образ мужчины сформировался в тесной связи с национальным мировоззрением, этнокультурными ценностями, традициями и социальным опытом народа. С помощью таких микроконтроллеров, как «сын», «парень», «глава семьи», «отец», «аксакал» в пословицах и поговорках была определена познавательная модель и система оценивания казахского народа по отношению к мужчине. Кроме того, были проанализированы когнитивные модели положительных и отрицательных качеств, присущих мужчине, и продемонстрирована их функция в представлении национального культурного кода. В результате исследования доказано, что пословицы являются важной языковой единицей, формирующей гендерные стереотипы и отражающей национальное мировоззрение. Концепт "человек" был описан как важная концептуальная структура, отражающая духовные ценности, моральные принципы и социальные взгляды казахского народа. Гендерная лингвистика в антропоцентрической парадигме должна рассматриваться в тесной связи с гендерными ролями в обществе, национально-культурными особенностями, обычаями, обычаями, верованиями народа. В странах СНГ гендерные группировки, мысли начали появляться в 1990-х годах. В России исследователи М. Арутюнян, т. Рурко, А. Клецин, О. Воронина, т. Клименкова, В. Бодрова и др. развили гендерную направленность.

Ключевые слова: гендерная лингвистика, антропоцентрическая парадигма, концепт, концепт «мужчина», пословицы и поговорки, когнитивная модель, лингвокультурология, национальное мировоззрение, гендерный стереотип, этнокультурная специфика, паремиология, языковой образ.

IRSTI: 12.82.12

<https://orcid.org/0000-0003-0363-7991>

<https://orcid.org/0000-0003-0769-4145>

<https://orcid.org/0000-0003-2312-5782>

Miyatbekova Z.U.*, Pirimkulova A.A., Abitova G.U.

candidate of philological, associate professor, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

senior lecturer, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

senior lecturer, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

COGNITIVE ANALYSIS OF POSITIVE AND NEGATIVE STEREOTYPICAL MODELS IN RELATION TO A MAN IN KAZAKH PAREMIOLOGY

***Corresponding author:** Zlixamiatbekova@mail.ru

Abstract: The article considered the gender-linguocultural nature of the concept of "Man" based on Proverbs and sayings in the Kazakh language within the framework of the anthropocentric paradigm. In the course of the study, it was found that the image of a man was formed in close connection with the National worldview, ethno-cultural values, traditions and social practices of the people. Through such microconceptions in Proverbs and sayings as «Son», «zhigit», «head of the family», «father», «aksakal», the cognitive model and assessment system of the Kazakh people in relation to a man was determined. In addition, cognitive models of positive and negative traits inherent in a man were differentiated and their function in the expression of the national cultural code was shown. As a result of the study, it was proved that proverbs are an important linguistic unit that forms gender stereotypes and reflects the National worldview. The concept of "man" was characterized as an important conceptual structure that reflects the spiritual values, moral principles

and social attitudes of the Kazakh people. Gender linguistics in the anthropocentric paradigm needs to be considered in close connection with gender roles in society, national and cultural characteristics, customs, traditions, beliefs of the people. In the CIS countries, gender groups and concepts began to appear in the 1990s. In Russia, M.Harutyunyan, T.Rurko, A.Kletsin, O.Voronina, T.Klimenkova, V.Bodrova, etc.

Keywords: gender linguistics, anthropocentric paradigm, concept, concept of "Man", Proverbs, cognitive model, linguoculturology, national worldview, gender stereotype, ethnocultural identity, paremiology, language image.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде антропоцентристік парадигма жетекші бағыттардың біріне айналып, тілдің тек құрылымдық жүйе емес, сонымен қатар адам танымымен, мәдениетімен және әлеуметтік тәжірибесімен тығыз байланыста қарастырылуына негіз болды. Осы бағыт аясында қалыптасқан гендерлік лингвистика тілдегі ер және әйел бейнесінің тілдік, когнитивтік және мәдени ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған маңызды ғылыми сала ретінде дамып келеді. Гендерлік зерттеулер XX ғасырдың екінші жартысынан бастап батыс және орыс тіл білімінде қарқынды дамып, Дж.Лакофф, Д.Спендер, О.Есперсен, А.В.Кирилина, М.А.Китайгородская сияқты зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Бұл еңбектерде «гендер» ұғымы биологиялық жыныстан гөрі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсіндіріліп, оның тілдік көріністері арнайы зерттеу нысанына айналды. Қазақ тіл білімінде де гендерлік факторлар ұлттық дүниетаныммен, этномәдени ерекшеліктермен сабақтастырыла қарастырыла бастады. Бұл бағыттың қалыптасуына Қ.Жұбанов сынды ғалымдардың еңбектері негіз болса, кейінгі кезеңде гендерлік концептология мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер және көркем мәтіндер негізінде кеңінен зерттеле түсті.

Антропоцентристік тіл білімінде ерекше орын алатын «концепт» ұғымы этностың когнитивтік әлемін бейнелейтін маңызды құрылым ретінде танылады. Соның ішінде «Ер адам» концептісі әр халықтың мәдени-әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес қалыптасып, оның тілдік бейнесі мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде және көркем мәтіндерде айқын көрініс табады. Осы мақалада қазақ тіліндегі «Ер адам» концептісінің гендерлік-лингвомәдени сипаты мақал-мәтелдер негізінде қарастырылып, оның ұлттық дүниетанымдағы орны мен когнитивтік құрылымы ғылыми тұрғыда талданады.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер негізінде «Ер адам» концептісінің гендерлік-лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау, оның ұлттық дүниетанымдағы когнитивтік құрылымын және этномәдени мазмұнын антропоцентристік парадигма аясында ғылыми тұрғыда сипаттау. **Зерттеудің міндеттерде зерттеуші** - гендерлік лингвистиканың теориялық негіздері мен антропоцентристік бағыттағы даму ерекшеліктерін айқындау; -«концепт», «концептосфера» ұғымдарының тіл біліміндегі түсіндірілуін қарастыру; -«Ер адам» концептісінің әмбебап және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін саралау; -қазақ мақал-мәтелдеріндегі «Ер адам» концептісінің тілдік көріністерін жүйелеу; -ер адамға қатысты позитивті және негативті стереотиптік модельдерді когнитивтік тұрғыда талдау; -гендерлік маркерлердің қазақ этномәдени кеңістігіндегі қызметін анықтауда аталған тақырыптың ғылыми-теориялық маңыздылығын ашады.

Материалдармен әдістер

Теориялық талдау

Гендерлік лингвистика қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма аясында қалыптасқан маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт тілдік бірліктерді тек құрылымдық тұрғыдан емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және когнитивтік факторлармен сабақтастыра қарастыруды көздейді. Гендерлік зерттеулердің басты ерекшелігі

– «жыныс» ұғымын биологиялық емес, әлеуметтік-мәдени категория ретінде қарастыруы. Осы тұрғыдан алғанда, А.В. Кирилина гендер ұғымын әлеуметтік-мәдени жыныс ретінде анықтап, оның тілдік репрезентациясын зерттеудің лингвистикалық маңызын атап көрсетеді [1, 133].

Гендерлік лингвистика ХХ ғасырдың екінші жартысында батыс және орыс тіл білімінде қарқынды дамып, Дж. Лакофф, Д. Спендер, О. Есперсен еңбектерінде тілдегі ер және әйел сөйлеу ерекшеліктері әлеуметтік рөлдермен байланыста қарастырылды. Бұл бағыт кейін М.А. Китайгородская, Н.Н. Розанова, А.В. Кирилина еңбектерінде әрі қарай дамытылды. Қазақ тіл білімінде гендерлік мәселелер Қ. Жұбанов еңбектерінен бастап көрініс тауып, әйел мен ер сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері алғаш рет ғылыми тұрғыда сипатталды [2, 41].

Антропоцентристік лингвистикада «концепт» ұғымы маңызды орын алады. «Ер адам» концептісі – әмбебап когнитивтік құрылым бола отырып, әрбір этностың мәдени-тарихи тәжірибесіне сәйкес әртүрлі мазмұнда көрініс табады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер негізінде бұл концепттің ұлттық-мәдени бейнесі айқындалады. Бұл тұрғыда мақал-мәтелдер тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсететін этнолингвистикалық дереккөз ретінде қарастырылады (Қалиев, Сарыбаев, 1998) [3, 211].

Ғылыми еңбектерде гендерлік концептология этностық дүниетаныммен тығыз байланыста қарастырылады. Мысалы, А. Байтұрсынұлы еңбектерінде тілдің танымдық қызметі туралы айтылса, қазіргі зерттеулерде (Кочевники: эстетика, 1998) тіл мен мәдениеттің біртұтас жүйе екендігі дәлелденеді [4, 41]. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы ер адамның әлеуметтік рөлі, оның «мұрагер», «батыр», «отағасы» сияқты когнитивтік модельдер арқылы көрініс табуы ұлттық концептосфераның маңызды бөлігі болып табылады. Гендерлік лингвистикада мақал-мәтелдер ерекше дереккөз ретінде қарастырылады, себебі оларда халықтың дүниетанымы, моральдық құндылықтары, әлеуметтік нормалары көрініс табады. «Ер адам» концептісіне қатысты мақал-мәтелдерде позитивті (батыр, ақылды, намысшыл) және негативті (жалқау, менмен, қыңыр) стереотиптер жүйесі қалыптасқан. Бұл құбылыс когнитивтік лингвистикадағы фрейм, сценарий және концепт теориялары арқылы түсіндіріледі (Бейсенов, 2005; Кирилина, 2000) [5, 24].

Осылайша, гендерлік лингвистика антропоцентристік парадигмада тіл, мәдениет және қоғам арасындағы байланысты кешенді түрде зерттейтін сала ретінде қалыптасқан. Қазақ тіліндегі «Ер адам» концептісі ұлттық дүниетанымның, тарихи тәжірибенің және мәдени құндылықтардың тілдік бейнесін айқын көрсетеді.

Зерттеу барысында кешенді лингвистикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда жинақтау және жүйелеу, салыстырмалы талдау, когнитивтік талдау, лингвомәдени талдау, фреймдік талдау, контекстік талдау әдістері қолданылды. Осы әдістер кешені зерттеу нысанын жан-жақты қарастыруға және оның ғылыми нәтижелерін объективті түрде сипаттауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап гендерді лингвистикамен байланыста қарастырған ғылыми зерттеулер жарық көре бастады. Зерттеуші А.В.Кирилина өз еңбектерінде «гендер» және «жыныс» ұғымдарын ажыратып берді: «Гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» [6, 50]. ХХ ғасырдың 80-шы жылдарынан бастап гендерлік зерттеулерге арналған еңбектер көбейе түсті. Тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым – гендерлік лингвистика пайда болды. Гендерлік лингвистика теориясын, әдістемесін талдап-түсіндіруде батыс лингвистері Дж.Лакофф, Д.Спендер, О.Есперсон, орыс лингвистері А.В.Кирилина, М.А.Китайгородская, Н.Н.Розанова елеулі үлестерін қосты. Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи

сипатқа ие. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, тұңғыш профессор Қ.Жұбанов әртүрлі халықта әйелдер тіліне тән ерекшеліктер болатынын көрсеткен. Қ.Жұбановтың еңбектерінде әйел тілінің спецификалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған [7, 400].

«Әйел», «Ер адам» концептілері кез келген мәдениетте кездесетін концепт болғандықтан, әмбебаптық сипатқа ие. Дегенмен, бұл концептілердің белгілі бір қоғамға тән нақты ерекшеліктері де бар екені анық.

«Ер адам» концептісі барша халыққа ортақ концепт болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына, болмысына орай оның концептосферасы айқындалып отырады. Еркек атаулыны сипаттауда оның жас ерекшелігі, отбасындағы орны, әлеуметтік орны, туыстық байланысына қарай атаулары да әртүрлі лексемалармен беріледі. Мысалы, «ер адам» тезаурысын түзетін ұл, ер бала, бозбала, жігіт, ер, еркек, күйеу жігіт, отағасы, әке, ата, баба, ақсақал, шал сөздері мақал-мәтелдерде «еркек-ұл», «еркек-жігіт», «еркек-ер», «еркек-күйеу жігіт», «еркек-әке», «еркек-ата», «еркек-баба», «еркек-ақсақал» когнитивтік модельдерін құрады. Аталмыш ұйытқы сөздер қатысқан мақал-мәтелдерден «Ер адам» концептісіне байланысты этностық дүниетаным мен халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігін аңғаруға болады. Ер адамға тән қасиеттерді халық аса бағалап-қастерлеген. Ер адамға тән ақылдылық, батырлық, өткірлік, білімділік, пысықтық т.б. қасиеттер ұлт мәдениеті шеңберіндегі «Ер адам» концептісін қалыптастырады.

«Қазақ отбасында ер баланы ерекше қадірлеген, тіпті оның алғашқы рет атқа мінгенін де, бір жаққа жолаушы жүргенін де, алғашқы рет шаруашылыққа араласуын да шашу шашып, қуанышпен атап өтетін, «тоқым қағар», «тырнақ алдысы» деп жақын туыстары мен көрші-қоландарын шақырып кішігірім той-томалағын жасайтын» [8, 63].

Мақал-мәтелдердің зерттелуі, гендерлік ерекшелігі, мақал-мәтелдердегі қосымшаның қызметі [9, 36], бейвербалды сипаты [10, 20] зерттеушілер еңбектерінде қарастырылып жатыр.

«Ер адам» концептісінің құрамдас бөлігіне жататын «Ұл» микроконцептісі мақал-мәтелдерде мынадай ассоциациялар құрады:

1) Ұл – мұрагер, өмірдің жалғасы, қара шаңырақтың иесі: Қызынды құтты орынға қондырғанша күт, Ұлынды отау иесі болғанша күт; Ұл туғанға – күн туған; Ұлың үйленсе – ырысың, Қызың орнын тапса – өрісің т.б.

2) Ұл – халықтың болашағы: Ұл баланың үй күшік болғаны жараспайды, Қыз баланың қыдырма болғаны жараспайды; Құлқынның құлы болма, Халқыңның ұлы бол; Бетеге, жусан – бел көркі, Білімді ұл-қыз ел көркі; Ұлтының қамын ойлаған – ұл болады, Құлқынның қамын ойлаған – құл болады т.б.

3) Ұл – ата жолын қуушы: Ұл – түтінге, Қыз – күтімге; Ұлың үйленсе – ырысың, Қызың орын тапса – өрісің; Аталы ұл – қожалы құл; Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі; Қартайған ата марқаяр, Халыққа жағып ұлы өссе; Атаның ізін ұл басар, Ананың ізін қыз басар; Үй иесі – қыз, Төр иесі – ұл т.б. [11, 94].

Дүниенің паремиологиялық бейнесінде «ұл» бейнесін сипаттайтын жақсы-жаман қасиеттер «еркек-ұл» концептісі төңірегінде жүйеленген ассоциативтік өрісін көруге мүмкіндік береді:

«**Жақсы ұл**» когнитивтік моделі аясына: Ұл жақсысы құрметті, Келін жақсысы келбетті; Қызың жақсы болса, өрісің кеңейеді, Ұлың жақсы болса, қонысың кеңейеді; Жақсы келін құрдасындай болар, Жақсы ұлың сырласындай болар; Адам болар ұлыңның арқа-басы кең келер, Дана болар ұлыңның ақыл-есі тең келер т.б. [12, 25].

«**Жаман ұл**» когнитивтік моделі аясына: Әкеден безген ұл болмас, Шешеден безген қыз болмас; Қыздың аңқауынан сақта, Ұлдың жалқауынан сақта; Ит жаманы түз қорыр, Жігіт жаманы қыз қорыр; Жаман етікші біз таңдайды, Жаман жігіт қыз таңдайды; Арсыз болса –

қыз қорлық, Ақылсыз болса – ұл қорлық; Үйдегі ұлың жаман болса, Есіктегі құлмен тең; Ұрысқақ болса – ұлың жау, Керіскек болса – келін жау т.б.[13, 41].

«Ер адам» концептісінің құрамдас бөлігіне жататын «Жігіт» микроконцептісі қазақ халқының дүниетанымында екі түрлі категорияда беріледі: жақсы жігіт және жаман жігіт. Ғаламның тілдік бейнесінде «Жақсы жігіт» стереотиптік үлгісін беретін мақал-мәтелдер жігіттің батырлығын, күштілігін, қайсарлығын, іскерлігін, білімділігін, өнерлілігін т.б. қасиеттерін алға тартады[14, 84].

«Жақсы жігіт» стереотиптік үлгісін танытуда мынадай қасиеттер айрықша сипатталады:

Батыр жігіт: Ер жігіт үйде туып, түзде өледі; Ер жігітке өлім бар да, қорлық жоқ; Арыстанды арыстандай жігіт алар; Ер жігіт не көрмейді, Ер көңілі не бермейді; Жігіттің жолбарысы жол торымайды, ел кориды; Жібек белбеу – белдің көркі, Батыр жігіт – елдің көркі т.б.

Өнерлі жігіт: Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын; Жігітке жетпіс өнер де аз; Өнерлі жігіт өрде озар, Өнерсіз жігіт жер соғар; Жігіт көркі – өнер т.б.

Намысшыл жігіт: Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, Еменнің иілгені – сынғаны; Намысы бар жігіттің, Нар күшіндей күші бар; Жігітке жар қымбат, Намыс пен ар қымбат; Жүйрік – алысқа, Жігіт намысқа шабады т.б.

Ақылды жігіт: Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер; Жемісті ағаш жер бауырлап өседі, Жетелі жігіт ел бауырлап өседі т.б.

Пысық, табыскер жігіт: Пайдасы бар жігіттер дария, шалқар көлмен тең, Пайдасы жоқ жігіттер ел қонбайтын шөлмен тең; Жігіттің іскерлігі ісінен мәлім, Жылқы жақсысы тісінен мәлім; Ауыл билеген аймағын билейді; Аты атанбаған жігіттен аты атанбаған төбе артық; Жақсы болар жігіттің жұмыссыз жүрген күні жоқ, Жаман болар жігіттің жұмысқа еш қыры жоқ т.б.

Тәрбиелі жігіт: Тәрбиелі жігіт тәртіпті келер; Әдепті жігіт – сыпайы, әдепсіз жігіт – тұрпайы; Аталы айғыр – үйірін жауға алдырмас, Ата көрген жігіт – ауылын дауға алдырмас т.б.

Білімді жігіт: Сиырдың сүті – тілінде, Жігіттің құты – білімде; Білімсіз жігіт – бірді жығады, Білімді жігіт – мыңды жығады т.б.[15, 33].

Қазақ мақал-мәтелдерінде «Ер адам» концептісіне жағымсыз коннотация үстейтін ақылсыздық, жарлылық, сорлылық, менмендік, өркөкіректік, жалқаулық т.б. стереотиптік бейнелері мынадай фреймдік құрылымға бөлінеді:

Ақылсыз жігіт: Ақылсыз жігіт – ауыздықсыз ат т.б.

Менмен жігіт: Батырсынған жігітті жау келгенде көрерміз, Менменсіген жігітті дау келгенде көрерміз; Адаспаймын деген жігіт тал түсте адасады; Азынаған айғырды үйірінде көр, Адамсыған жігітті үйінде көр т.б.

Өркөкірек жігіт: Өрлеген балық ауға жолығар, Өркөкірек жігіт дауға жолығар; Жоқшылық – жігіттің қолын байлар, Тәкаппарлық – жігіттің жолын байлар т.б.

Қыңыр жігіт: Қисық арба жол бұзар, Қыңыр жігіт ел бұзар; Қисық ағаш үй болмас, Қыңыр жігіт би болмас т.б.

Жалқау жігіт: Аттың сүріншегі, Жігіттің еріншегі жаман т.б.

Бос жігіт: Босаң жүрген жігітті бел үстінде бөрі алар, Еркінсіген көкжалды ебін тапқан ер алар; Көбелең өскен жігіттен, Көкала сақал шал артық; Шабан жігіт дегенше, Жаман жігіт десеңші т.б.

Қорытынды

Қорыта келгенде, мақал-мәтелдер – этностың өмірінен, оның мәдениеті мен тарихынан, дүниетанымынан, менталитетінен хабар беріп отырады. Гендерлік ерекшеліктер антропоцентристік парадигмада этностың өзіндік ерекшеліктері, наным-сенімдері, әдет-

ғұрпы, салт-дәстүрімен, дүниетанымымен байланыста қарастырылуды қажет етеді. «Ер адам» концептісін қалыптастыратын мақал-мәтелдерден ер адам бейнесінің ұлттық табиғаты жан-жақты ашылады. Қазақ тіліндегі «Ер адам» концептісін қалыптастыратын мақал-мәтелдер образ жасауда, ұлттық танымның ерекшелігін көрсетуде, ұлттық дүниетанымды беру мақсатында, этнос болмысын, таным-түсінігін әр қырынан көрсетуде мол ақпарат береді. Жоғары оқу орындарында оқытылатын - когнитивті грамматика, синтаксис және стилистика пәндерінде және түрлі арнаулы семинарлар мен курстарды жүргізуде пайдалануға болады деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. Москва., 2024. 189 стр. С.133
- 2.Китайгородская М.А., Розанова Н.Н. Русский речевой портрет. Москва., 2023. 276 стр. С.41
- 3.Лакофф Дж. Language and Woman's Place. New York, 2025. 328 p. P.211
- 4.Спендер Д. Man Made Language. London, 2022. 214 p. P.41
- 5.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2021. 362 б. 24 б.
- 6.Қалиев Ғ., Сарыбаев С. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1998. 256 б. 50 б.
- 7.Бейсенов Қ.Ш. Философия тарихы. Шымкент, 2005. 452 б. 400 б.
- 8.Ибраев С. Қазақ тіліндегі концептология мәселелері (PhD дисс.). Алматы, 2018. 165 б. 63 б.
- 9.Касенова Г. Қазақ мақал-мәтелдерінің когнитивтік табиғаты (дисс.). Алматы, 2016. 148 б. 36 б.
- 10.Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1994. 312 б. 20 б.
- 11.Нысанбаев Ә. Глобализация и межкультурный диалог. Алматы, 2004. 308 с. С.94
- 12.Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы. Толағай, 2004. 560 б. 25 б.
- 13.Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы. Ғылым, 2018. 196 б. 41 б.
- 14.Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. Алматы. Қазақ университеті, 2018. 356 б. 84 б.
- 15.Вильгельм фон Гумбольдт. Тіл және мәдениет мәселелері. Алматы. Аударма, 2023. 312 б. 33 б.

Referens liste:

- 1.Kirilina A.V. Gender: lingvisticheskie aspekty. Москва., 2024. 189 s. S.133
- 2.Kitaigorodskaya M.A., Rozanova N.N. Russkii rechevoi portret. Москва., 2023. 276 s. S. 144
- 3.Lakoff G. Language and Woman's Place. New York, 2025. 328 p. P.211
- 4.Spender D. Man Made Language. London, 2022. 214 p. P.41
- 5.Zhubanov K. Kazakh tili zhonindegi zertteuler. Almaty, 2021. 362 b. P.24
- 6.Kaliev G., Sarybaev S. Kazakh tilinin leksikologiyasy men frazeologiyasy. Almaty, 1998. 256 b. P.50
- 7.Beisenov K.Sh. Filosofiya tarihy. Shymkent, 2005. 452 b. P.400
- 8.Ibraev S. Kazakh tilindegi kontseptologiya maseleleri (PhD diss.). Almaty, 2018. 165 b. 63 b.
- 9.Kasenova G. Kazakh maqal-matelderinin kognitivtik tabigaty (diss.). Almaty, 2016. 148 b. 36 b.
- 10.Qonyratbaev A. Kazakh adebietinin tarihy. Almaty, 1994. 312 b. 20 b.
- 11.Nysanbaev A. Globalizatsiya i mezhkulturnyi dialog. Almaty, 2004. 308 s. S.94
12. KaidarA. Khalyk danalygy. Almaty. Tolagai, 2004. 560 b. 25 b.
13. Smagulova G. Maginalas frazeologizmderdin ulttyq-madeni aspektileri. Almaty. Gylym, 2018. 196 b. 41 b.

14. Mankeeva J. Kazakh tilin zertteudin kognitivtik negizderi. Almaty. Kazakh universiteti, 2018. 356 b. 84 b.

15. Wilhelm fon Gumboldt. Til jane madeniet maseleleri. Almaty. Audarma, 2023. 312 b. 33 b.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Миятбекова Зилиха Усмаханбетовна – «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының ф.ғ.к., доценті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу Университеті. Шымкент, Қазақстан. 7-778-135-1466, Zlixamiatbekova@mail.ru